



№32 (8972),
жұма, 18 тамыз
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН ҚЫТАЙ КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІНЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



2023 жылғы 13 тамызда Шэньчжэнь қаласында Қазақстан делегациясы және Қытайдың ірі кәсіпкерлері, қызметтер, технологиялар мен тауарлар жеткізушілердің жоғары рейтингіне енген компаниялар өкілдері, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика саласындағы жаһандық ірі экспорттаушылардың қатысуымен өзара ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланған дөңгелек үстел өтті.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин бастаған қазақстандық делегацияның атынан ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Райымбек Баталов, ИИДМ Индустриалық даму комитетінің төрағасы Азамат Панбаев, «Qaztrade» сауда саясатын дамыту орталығының бас директоры Рүстем Асылбек, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және басқа да мамандандырылған кәсіпорындардың жетекшілері қатысты.

«Бүгінде Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жоғары деңгейлі байланыстардың жоғары серпінімен және сауда-экономикалық өзара іс-қимыл, инвестиция тарту, көлік-логистиканы дамытудың кең ауқымды салаларымен сипатталады. Мамыр айында Сиань қаласында өткен кездесу барысында Қазақстан мен Қытай басшылары алдағы жылдары өзара тауар айналымын 40 млрд долларға жеткізу міндетін қойды. Бұл көрсеткішке жақын арада қол жеткізетімізге сенімдімін. Бірақ біз үшін сандық көрсеткіштен бөлек, мазмұнының сапасы маңызды. Қазақстан Үкіметі сіздердің көмектеріңізбен, тәжірибелеріңізбен және жинақталған технологиялық әзірлемелердің мықты қорымен жоғары өңделген тауарларды өндіру көлемін барынша арттыруға мүдделі. Қазақстанда өндірілген өнімнің артықшылықтары басым.

Біз ЕАЭО кеңістігіндеміз, бұл дегеніміз 160 млн адамға бағытталған нарыққа шығуды білдіреді», — деді Серік Жұманғарин дөңгелек үстелге қатысушылар алдында.

Аға экономист, Қытай ауылшаруашылық машиналарын тарту қауымдастығының (CAMDA) президенті Фан Цзяньхуа қауымдастық ұйымдастырған



халықаралық ауылшаруашылық техникасы көрмесінің алаңын Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы үшін көпір ретінде пайдалануды ұсынды. Бұл көрме бүкіл әлемге танымал және Азиядағы ең үлкен көрме. CAMDA атынан қауымдастық Қазақстанға сауда және инфрақұрылым құрылысы саласында инвестициялау үшін күш салуға дайын екенін мәлімдеді. Қытайдағы фосфат тыңайтқыштарын өндірушілер қауымдастығының төрағасы Сюй Сюэфэн Қытайдағы саланың дамуы туралы айтты. Технологиялар мен жабдықтар дамыған сайын ҚХР-да тыңайтқыш өндірісінің қуаты үздіксіз өсіп келеді. Бүгінгі таңда Қытай фосфор тыңайтқыштардың екі түрі бойын-

ша әлемдік өндірістің үштен бірінен астамын өндіреді, ал, олардың экспорты әлемдік тауар айналымының шамамен 30%-ын, тағы біреуі әлемдік тауар айналымының 11%-ын және әлемдік экспорттың 15%-ын құрайды. Соңғы жылдары Қытайда органикалық тыңайтқыштарды қолданудың артуы байқалады. Бұл ретте тыңайтқыштардың басқа түрлерін өндірудің ауқымды нарығы қалыптасып келеді.

«Біздің қауымдастықтың Қытайдағы барлық тыңайтқыш өндірушілердің 90%-дан астамын қамтитын 400-ге жуық мүшесі бар. Біздің мүшелеріміз Қазақстан мен Қытайдың тыңайтқыштар өндіру саласындағы ынтымақтастығына қолдау көрсете алады деп ойлаймын», — деді ол.

Қытай тұқым саудасы қауымдастығының бас хатшысы Тянь Вэйхун Қазақстанда тұқым өндіру индустриясын бірлесіп дамытуды ұсынды.

«Тұқым – ауыл шаруашылығын дамытудың негізі. 30 жыл

ішінде біз үлкен жетістікке қол жеткіздік. Әсіресе күріш, жүгері және басқа да дақылдар сорттарының тиімділігін арттырудағы нәтижелер жақсы. Жоғары сапалы тұқым Қытайдың ғана емес, шетелдің де сұранысын қанағаттандыра алады. Бұл егін алқаптары ауқымды Қазақстанның әлеуетіне сай келеді. Біз Үкімет деңгейіндегі диалогымызды нығайта аламыз, екі ел қауымдастықтары арасындағы тәжірибе алмасуды күшейте аламыз, осы салада ынтымақтасу үшін біздің компанияларға арналған платформалар жасап, сіздердің елдеріңізде тұқым өндіру индустриясының дамуына ықпал ете аламыз. Сондай-ақ біз Қазақстандағы астық қауіпсіздігіне үлес қосу үшін озық цифрлық технологияларды ымық бен жасанды интеллектімізді бере аламыз», — деді Тянь Вэйхун.

Қазақстан тарапы бірлестіктің бір топ мамандарын тамыз айында Қазақстанға келіп, ынтымақтастық жолдарын талқылауға шақырды.

Басқа қатысушылар тарапынан ауыл шаруашылығы техникасын өндіру, интернет-банкинг, ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялар саласында ынтымақтастықты жолға қою туралы ұсыныстар айтылды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН СУ БАСУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰТҚАРУ-ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ



Қазіргі кезде Ескелді ауданының Абай және Ешкіөлмес ауылдарында инженерлік жұмыстар, аула ішінен және аула маңынан суды шығару жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар аулаға кірген суды шығару, қауіпті болдырмау үшін баурайдан келетін жауын-шашын суын Абай және Ешкіөлмес ауылдарының суару каналдарының арнасына бағыттау жұмыстары жүріп жатыр. Құрбан болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

Облыс бойынша ТЖ департаментінің Дағдарыс орталығында жедел штаб құрылып, психологиялық көмек көрсету үшін жедел желі іске қосылды (8 (7282)-22-02-13 и 22-02-18).

Жедел штабтың шешімімен 7 топ құрылды, қазіргі кезде бұл топ су басқан аулалар мен үйлерді аралап, зерделеуді бастады. Еңіс ағыны тоқтады.

Жұмыс басталғаны бері 1,5 мың қап

әзірленді, қажетіне қарай қолданылатын болады.

Бүгінгі күні 3456 текше метр су шығарылды.

Жергілікті атқарушы орган Қарабұлақтағы Шестаков атындағы мектеп ғимаратында эвакуациялық пункт ұйымдастырды. Шамамен 30 адам эвакуацияланды, соның 15-і бала. Қазіргі кезде эвакуация пунктіне 19 адам орналасты, соның 9-ы бала. Басқалары туыстарының үйіне кетті. Эвакуацияланған адамдар медициналық көмекті қажет етпейді.

Апаттық қалпына келтіру жұмыстарына жергілікті атқарушы органдардың, ТЖД, Қазселден қорғау, Қорғаныс министрлігінің, ІІМ Ұлттық гвардияның күштері мен құралдары жұмылдырылған.

13 сағат 54 минутта Көксу ауданы Мәмбет ауылындағы Мәмбет көшесінде несер жауынның салдарынан еңіс ағыны пайда болғаны туралы хабарлама келіп түскен. Соның салдарынан 5 үйдің ауласын су басқан. Қазіргі кезде жағдай тұрақтанды, су деңгейі төмендеді.

Еске салсақ, 11 тамызда Жетісу облысы бойынша ТЖ департаменті 12 тамызда облыс аумағында қатты жауын болатынын туралы ескерту таратқан болатын.

Жетісу облысы бойынша ТЖД

АУЛАЛАРЫН СУ БАСҚАН ТҮРҒЫНДАР МЕКТЕПКЕ ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ



Ескелді ауданының Ешкіөлмес және Абай ауылдарындағы төтенше жағдайға байланысты аулаларын су басқан тұрғындарды аудан әкімдігі Жедел штабтың шешімімен Қарабұлақ ауылындағы Шестаков атындағы мектепке орналастыра бастады. Оларға сол жерден ыстық тамақ, жатын орын ұйымдастырылады. Аудан әкімдігінің мәліметінше, қазіргі кезде 19 адам мектепке жайғастырылды. Оның 10-ы ересек адам, 9-ы бала.

Ескелді ауданының әкімдігі Төтенше жағдай департаментімен бірге несер жауыннан болған төтенше жағдайдың салдарын жоюға бар күш пен техниканы жұмылдыруда. Сонымен қатар арық жүйелерін тазарту мен аулаларды

батпақтан тазарту жұмыстарына ҚР ІІМ Ұлттық гвардияның 5514 әскери бөлімі, ҚР ҚМ 18386 әскери бөлімі тартылды.

Жедел штаб Жетісу облысының ПДС-на тонаушылықты болдырмау үшін қоғамдық тәртіпті сақтауды міндетті.

Ескелді аудандық әкімдігі келтірілген шығынды есептеу үшін арнайы комиссия құрды, комиссия шығынды анықтау үшін елді мекендердің аулаларын аралауда. Су басқан тұрғын үйлердің жай-күйін зерделеудің нәтижесінде төтенше жағдайдың салдарын жою үшін қаржы бөлу мәселесі қарастырылатын болады.

Өз кезегінде ТАТЭК мекемесі де электр желілерін тексеріп, елді мекендерді электр жүйесіне қою жұмыстарын атқарады.



ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



білім беру платформалары саласындағы соңғы әзірлемелерін ұсынды.

Кеңеске қатысушылар электрондық ресурстардың әлеуетін және оларды білім беру процесін жетілдіру үшін пайдалану мүмкіндіктерін талқылады. Бұл ретте педагогтарға электрондық ресурстарды таңдау құқығы берілуге тиіс екені айтылды.

2023 жылғы 14 тамызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т. Дүйсенованың төрағалығымен оқу процесінде электрондық оқулықтарды пайдалану жөнінде кеңес өтті. Оған оқу-ағарту, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, әділет вице-министрлері, сондай-ақ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Ы. Алтын-

сарин атындағы Ұлттық білім академиясының, «Талдау» АҚ-ның, мектеп оқулықтарын дайындайтын жетекші баспалардың және IT-компаниялардың өкілдері қатысты.

Оқу-ағарту вице-министрі А. Ілиясов мектептерді электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету жөніндегі ахуал және осы бағытты одан әрі дамыту бойынша жоспарланған шаралар туралы баяндады. Баспалар мен IT-компаниялардың өкілдері электрондық оқулықтар мен

Кеңесті қорытындылай келе, Премьер-Министрдің орынбасары – еңбек және әлеуметтік қорғау министрі мектептерді электрондық оқулықтармен және цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеу, оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру және оларды оқу процесінде қолдану жөнінде бірқатар тапсырма берді.

primeminister.kz

ШЭНЬЧЖЭНЬДЕ АЛҒАШҚЫ ІРІ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ БИЗНЕС-ФОРУМЫ ӨТТІ



Қытайдың ірі экономикалық және өнеркәсіп орталығы саналатын Шэньчжэнь қаласының 200-ден астам кәсіпкері 2023 жылғы 14 тамызда қазақ-қытай бірінші бизнес-форумына қатысты. Қазақстан-Қытай саудасына жәрдемдесу қауымдастығы мен Shenzhen Cross Supply Service Association бірлесіп ұйымдастырған іс-шара Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерімен таныстыру үшін болашақ қытайлық инвесторларды жинады.

Форумның ашылуында ҚР Премьер-Министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин екі ел халықтары арасында қалыптасқан тығыз байланыстарын атап өтті. «Біздің елдер, мәдениеті пен экономикасы бұрыннан келе жатқан достық және серіктестік қатынастармен тығыз байланысқан Мемлекет басшылары жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ерекше назар аударады. Жақын арада визасыз режимді ашуды пысықтап жатырмыз. Бұл мәдени-гуманитарлық және экономикалық қатынастарды одан әрі дамытуға айтарлықтай серпін беретіні сөзсіз», — деді Серік Жұманғарин. Вице-премьер Қазақстанға тартылатын инвестициялардың негізгі үш бағытын айқындады. Біріншісі – логи-

стика, ол қолданыстағы бағыттарды дамытып, жаңа бағыттарды ашуды, инфрақұрылым жүргізіп, жүктеу-түсіру орталықтарын ашуды көздейді. Осы бағыт ірі көлік операторлары үшін ерекше қызығушылық тудырады. «Бүгінде шекара маңында сауда-экономикалық хабтар, логистикалық орталықтар желісі құрылуда, олар әрі қарай кеңейту әлеуеті бар ЕАЭО және Орталық Азия елдерінің негізі болмақ. Қазақстанның әр облысындағы ерекшеліктерді ескере отырып құрылған арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бар. Оларға салықтық преференциялар пулы ұсынылып, арнайы құқықтық режим қолданылады. Салықтар мен баждарды төлеуден босату түріндегі инвестициялық преференциялармен қоса, жақында инвесторларға бастапқы кезеңде жүктемені азайтуға бағытталған инвестициялық салық несиеі енгізілді. Яғни инвесторларға корпоративтік табыс салығы және (немесе) мүлік салығы аясында төлемдерді үш жылға дейінгі мерзімге 100%-ға төмендету мүмкіндігі беріледі», — деді С. Жұманғарин.

Бүгінгі таңда Қытай шекарасында кедергісіз сауданы дамыту үшін «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА қалыптастыру толығымен аяқталды. АЭА инфрақұрылымына

индустриялық және логистикалық аймақтармен қатар, 2015 жылы елдің шығысында жүктерді жинау мен тарту үшін іске қосылған құрғақ порт кіреді. 2014 жылы Ляньюньган портында қытайлық серіктестермен бірлестікте логистикалық терминал құрылды, ол бүгінде Қазақстанға/Қазақстаннан жүктерді жинайтын негізгі бекет болып отыр. 9р5а0 порт Қытаймен шекарадағы «Жетіген – Қорғас» теміржолы және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралімен технологиялық байланыс негізінде және ірі көлік-логистикалық операторларды тарту арқылы Еуразиялық трансконтиненталдық тасымалдарды дамытудың жаңа кезеңін ашты.

Вице-премьер инвестициялар үшін екінші бағыт ретінде өнімді терең өңдеуді, ал үшінші бағыт ретінде ауыл шаруашылығын атап өтті. Анықтама: Қазақстан мен ҚХР арасындағы өзара сауда 2022 жылы рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіп, \$24,1 млрд-қа жетті. Атап айтқанда, қазақстандық өнімнің Қытайға экспорты үштен бірден астамға өсіп, \$13,2 млрд болды. Импорт 33,5%-ға өсіп, \$11 млрд-ты құрады. Елдер арасындағы сауда-саттық 2023 жылғы бірінші жартыжылдықта 20,5%-ға артып, \$13,6 млрд-ты құрады, оның ішінде \$6,3 млрд қазақстандық экспортқа тиесілі.

primeminister.kz

МҮГЕДЕКТІГІ БАР ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА ҚҰРУ



Мүгедек адамдардың құқықтарын іске асыру және мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етілуіне Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті өз құзыреті шегінде мүгедектігі бар адамдар үшін нысандардың/ субъектілердің қолжетімділігі бөлігінде мемлекеттік бақылау мақсатында профилактикалық бақылауды және жоспардан тыс тексерулерді жүзеге асырады.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» №229 Жарлығына және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне енгізілген соңғы өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу бойынша жеке және

заңды тұлғалардың өтініштері бойынша дәлелді негіздер мен растайтын дәлелдер болған жағдайда жоспардан тыс тексеруге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 154 бабы 6-тармағына сәйкес инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілеріне, көлікке, ақпаратқа, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларға спорттық сайыстарға және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктің қамтамасыз етілуі тиіс.

Мүгедектерге әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарына қолжетімділікті қамтамасыз етпегені үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік шарасы көзделген.

Лауазымды адамдарға (мемлекеттік құрылымдар басшыларына) қатысты айыппұл сомасы – 50, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 120, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде құрайды.

Департамент тарапынан мүгедектігі бар тұлғалардың заңды құқықтарын кедергісіз іске асыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарылуда.

З. ИЛИМЖАНОВА, Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысы

БАСҚА ҚАЛАЛАРДА ТҰРАТЫН АТА-АНАСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ШЫҒЫСТАРЫ ӨТЕЛМЕК

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында Үкіметке «...студенттердің жекелеген әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін жатақханада тұру шығыстарын субсидиялау мүмкіндігін пысықтауды» тапсырды. Жаңа оқу жылы қарсаңында Президент тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тиісті қаулы қабылдады.

Атап айтқанда, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына» өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оған сәйкес азаматтардың жекелеген санаттары үшін еліміздің колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алу кезінде жатақханада тұру шығыстары үшін өтемақы төлеу көзделген.

Өтемақыны жетімдер мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар алады.

Жатақханаларда тұру шығыстары үшін өтемақы сомасы жылына 29 айлық есептік көрсеткішті құрайтын болады.

Биыл барлығы 7 145 адам өтемақы алатын болады. Олардың ішінде 4 651 жетімдер және ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттер, 2 494 мүгедектігі бар, бала кезінен мүгедек адамдар, мүгедектігі бар балалар бар.

Тиісті шығындар 2023 жылға бекітілген республикалық бюджет, сондай-ақ 2024-2026 жылдарға арналған бюджет лимиті аясында қаралады.

Өтемақы осы жылдың қыркүйегінен бастап берілетін болады.

primeminister.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ІСКЕ АСЫРУ

ЕЛІМІЗДІҢ КОЛЛЕДЖДЕРІ МЕН ЖОО-ЛАРЫНДА БІЛІМ АЛУ КЕЗІНДЕ 7 145 АДАМ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ШЫҒЫСТАРЫ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ АЛАДЫ

БҰЛ:
✓ **ЖЕТІМДЕР МЕН АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАНДАР – 4651 АДАМ**

✓ **МҮГЕДЕКТІГІ БАР, БАЛА КЕЗІНЕН МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР, МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАР – 2494 АДАМ**

ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ШЫҒЫСТАРЫ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ СОМАСЫ — ЖЫЛЫНА 29 АЕК



ТІЛ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрнегі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына байлайды. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарлама мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз отанына деген құрметінен білуге болады.

Өз ана тілін ұмытқан адам - өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың шежіресі, тарихы, мәдениеті, мінезі айнадай көрініп тұрады. Мәселен, қазақтың тілінен қазақтың кең байтақ сайын даласын, аспанмен таласқан асқар тауларын, жасыл-желек ормандары мен буырқанып сарқыраған асау өзендері мен көз тартар айдын

көлдерін, қайыспас мінезі мен көшпенділік тұрмыс-салтын айқын аңғаруға болады. Сондықтан білікті де белгілі тіл танушылардың «Қазақтың сары даласы - кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ, - деп тұжырымдауы тегін емес.

Ата Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай тұғызуға қамқорлық жасайды. Мемлекетіміздің ішкі саясаттағы ба-сым бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын кеңейту. Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналған мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық саяси, әлеуметтік-кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажетіне айналдыру.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын одан әрі кеңейту мақсатында сот саласы қызметкерлерінің ішкі құжат айналымы толық қазақ тілінде жүргізіліп келе жатқанына да бірнеше жыл болды. Сот өндірісінің шығыс хаттары да қазақ тілінде жүргізіледі. Ал іс жүргізу тілі орыс тілі болса, шығыс

құжаттарын екі тілде яғни орыс тілде және астына аудармасы қазақ тілде жазылады. Сот ісін жүргізу тілі сотқа берілген құжаттардың берілуіне қарай жүргізіледі, әрбір азамат істі өзінің ана тілінде немесе өзі білетін басқа тілде жүргізуді талап етуге қарай және өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасауға, түсініктеме мен жауап беруге, өтініш білдіруге, шағым жасауға, аудармашының қызметін тегін пайдалануға құқылы. Сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Әркім өзінің конституциялық құқықтарын дұрыс пайдаланып, жақсы білетін ана тілінде, яғни, қазақ тілінде арызын беретін болса, сот талап арыз түскен сол тілде істі жүргізеді. Көбіне адамдар заңгерлердің, полиция қызметкерлерінің айтуына еріп кетіп, меңгермеген тілінде толтырылған құжаттарға қол қоя беретіні құпия емес. Міне, осындай олқылықтардың орын алуына жол бермесе сот саласында қазақ тілінде өтетін істердің үлесі арта түсетіні сөзсіз.

Мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстанның әрбір азаматының борышы. Тіл - халықтың жаны, мәдениетіміздің айнасы, Қазақстан Республикасының негізгі тілі - қазақ тілін құрметтеу, оны білу - әрқайсысымыздың асыл парызымыз. Елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті.

Гульнар АСЕЛБАЕВА,
Ескелді аудандық сотының судьясы

ІСТЕРДІ МҰРАҒАТТА САҚТАУ ТӨРТІМІ



Сот мұрағаты жұмысын ұйымдастыру ҚР Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың, ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы соттар қызметін қамтамасыз ету департаментінің және оның аумақтық бөлімшелерінің құжаттарын қалыптастыру, іріктеу, есепке алу, уақытша сақтау және мемлекеттік архив мекемелеріне тұрақты сақтауға тарсыру тәртібі туралы қағидаға сәйкес жүзеге асады. Істерді рәсімдеу, қалыптастыру, уақытша сақтауға архивтерге уақытында тапсыру үшін жауапты қызметкер, сондай-ақ архив жұмысы үшін жауапты қызметкер өзінің жұмысында осы қағидалық талаптарын басшылаққа ала отырып жұмыс атқарады. Жыл сайын Ескелді аудандық сотының ведомстволық архивіне толықтай аяқталған және тапсырылуға жататын қылмыстық, азаматтық істер, журналдар, нарядтар тиісінше қалыптастырылып, рәсімделеді.

Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, ұйымның (мекеменің) қызметінде жасалатын құжаттар тізбесінде белгілен сақтау мерзімі аяқталып, архивте сақталатын құжаттар тізбесінде белгіленген

сақтау мерзімі аяқталған, архивте сақталатын құжаттар, нарядтар тізімдемелерімен бірге бір мезгілде жоюға іріктеледі. Жоюға бөлу туралы акт ұйымның (мекеменің) СК-мен (сұрыптау комиссия) келісілетін тұрақты және уақытша (он жылдан астам) сақталатын істердің (нарядтардың) жиынтық тізімдемелерімен бір мезгілде қарастыралтын және СТК тиісті мемлекеттік архив мекемесінің қарауына беруге жатады. Жоюға іріктелген қылмыстық, азаматтық істердің ішінен сот актілерінің түпнұсқалары (үкімдер, шешімдер, қаулылар, ұйғарымдар) мемлекеттік архив мекемесіне тұрақты сақтауға тапсырылады. Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және тәжірибиелік мәнін жоғалтқан сақтауға жатпайтын құжаттарды жоғарыда көрсетілген рәсімдер аяқталғаннан кейін ғана ұйым (мекеме) осы СК-ның бекітілген актісіне сәйкес енген істерді (нарядтарды) жоюға құқылы.

Ведомстволық архивтегі құжаттарды есепке алу, оларды сақтауға қамтамасыз етудің бірден-бір құралы болып табылады және тарихты жан-жақты талдауда, зерттеулердің түбегейлі жүргізілуінде архивтің алатын орны бөлек.

Назерке ДУБЕКОВА,
Ескелді аудандық сотының жетекші маманы

ПРОФИЛАКТИКА ЭХИНОКОККОЗА!



в легком воз-никают боли в грудной клетке, кашель, одышка. Разрыв кистозной оболочки может привести к развитию аллергической реакции и летальному исходу. Единственный способ лечения - операция. Часто эхинококковые кисты обнаруживают во время проведения профилактического обследования при рентгенологическом или ультразвуковом исследовании.

Профилактика заболевания заключается в предупреждение заражения человека, сельскохозяйственных животных, собак. Основным в профилактике заражения эхинококкозом человека является соблюдение правил личной гигиены, и недопущение попадания в рот яиц паразита как с шерсти собак и объектов окружающей среды, загрязненных фекалиями больных животных, так и при сборе грибов и ягод.

Эхинококк - один из самых опасных паразитов. В группе высокого риска - охотники, чабаны, пастухи, работники животноводческих хозяйств, зоопарков, работники меховых мастерских, ветеринарные работники, лица, занятые отловом собак, владельцы собак, сборщики и закупщики грибов, ягод, то есть все лица, имеющие контакт с дикими лисами, домашними собаками и кошками, которые имеют возможность охотиться на диких грызунов, инфицированных эхинококком, а также члены их семей.

Контакт с инфицированными собаками, особенно тесный контакт между детьми и их домашними собаками, может привести к заражению человека. Проглатывание почвы, воды и овощей, не прошедших должную обработку, зараженных инфицированными собачьими экскрементами, также может привести к заболеванию эхинококкозом. Зародыши паразита в огромном количестве выходят во внешнюю среду с выделением собак и сохраняют жизнеспособность в течение нескольких месяцев, а иногда и нескольких лет, попадают в сточ-

ные воды. Основной механизм заражения человека - алиментарный, контактно-бытовой. Заражение человека происходит при контакте с шерстью животных - хозяев гельминтов (часто собаки), при сборе ягод и трав, питье воды из загрязненных источников, употребление в пищу овощей и фруктов, загрязненных фекалиями окончательного хозяина (например, собаки).

Заболевание долгое время может иметь скрытое течение, сигналов, являющихся поводом для беспокойства со стороны организма может не быть. Тем временем, в течение нескольких лет, в органах инфицированного человека происходит медленное формирование кист.

В результате роста кист инфицированный эхинококкозом человек начинает ощущать дискомфорт, при расположении в печени появляются боли различной интенсивности в правом подреберье, чувство тяжести, давления, слабость, недомогание, быстрая утомляемость, снижение активности, иногда аллергические реакции, желтуха. Отмечается увеличение печени. При расположении эхинококковой кисты

человека, сельскохозяйственных животных, собак. Основным в профилактике заражения эхинококкозом человека является соблюдение правил личной гигиены, и недопущение попадания в рот яиц паразита как с шерсти собак и объектов окружающей среды, загрязненных фекалиями больных животных, так и при сборе грибов и ягод.

Необходимо ограничивать близкие контакты с собаками детей, тщательное мытье рук после контакта с животными может избежать заболевание.

Важными являются ветеринарные мероприятия, направленные на утилизацию мясных отходов зараженных домашних животных (недопущение скормления их собакам), своевременное выявление больных животных и их лечение, ограничение убоя овец и других сельскохозяйственных животных в домашних условиях.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ, Руководитель Ескельдинского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля
Е. МАКСИМОВА, Ведущий специалист

СУБАСУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР



Егер сіз өзіңізді су басу аймағында тапсаңыз, сізге:

- үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз;
- жылыту пештерін сөндіру;
- үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге;
- үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін тақталармен немесе фанерамен жабу;
- Үй жануарлары орналасқан сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз.

Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын жүзуге дайындалуыңыз керек.

Суды төгіп болғаннан кейін, электр сымдарының жырталуына, бұзылған газ желілеріне назар аударыңыз.

Үйге кіре алдында оның құрылымы су элементінің соққыларының астында босап қалмағанына көз жеткізу керек.

Суда табылған тағамды қолдануға болмайды, немесе суды су басу мүмкін емес.

Су тасқыны - бұл табиғи апаттар,

оның барысында адамдар, жануарлар өліп, ғимараттар мен тұрғын үйлер қиратылады. Су тасқыны және су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік көбінесе оларға алдын-ала дайындалу арқылы қамтамасыз етіледі.

Су тасқыны негізінен келесі себептерден туындаған:

- қатты немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі;
- теңізден жағаға және өзендер сағасына қатты жел немесе толқынмен судың ағуы;
- табиғи себептер бойынша да, адамның кінәсінен де дамбалар мен су қоймаларының серпінділігі.

Мұзды кептелістер мен өзендердің жоғарғы ағысындағы топырақ көпірлері су тасқыны кезінде бірден пайда болады.

Басқа жағдайларда су тасқыны қаупіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беретін уақыт резерві бар.

Сондай-ақ гидрологиялық болжамдарға назар аудару керек.

Егер сіз өзіңізді жеке қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе, сізге:

- толқынның алғашқы соққысында құлаған емес, күрделі құрылыстарды салу;
- барлық отбасы мүшелеріне жүзуді үйрету;
- қайыққа ие болу (ең дұрысы екі - біреуі қарапайым, екіншісі - үрленетін);
- елді мекенге жақын орналасқан топографиялық биік нүктелермен танысу;
- Табиғи апат туралы ескерту әдістері мен формаларын білу.

112- құтқару қызметінің біріңғай нөмері
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Апат айтып келмейді. Расында да ешбір табиғаттан болатын тілсіз апаттары ескертусіз-ақ орын алары хақ. Табиғат

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ!

мын. Бірлігіміздің мықты екенін көрдім. Арта берсін.
Бағжан Ермеков -Балшыққа былғанған баспанама қараған сай-



қаһарына мініп, қылышын қолына алғанда қозғалмайтын дүние қозғалары анық. Адамның табиғатсыз күні жоқ, оны айтар табиғаттың тілі жоқ. Шынында да табиғатсыз адам баласының тыныс-тіршілігі болмасы анық. Табиғат пен адам егіз. Ауасы мен суы, орманы мен тұмасы және барлық табиғатта тіршілік ететін тіршілік иелері бір-бірімен тығыз байланысты. Бір-біріңіз қоректенсе алмайды. Табиғат адамнан күш алса, адам табиғаттан жігер алады. Міне, осындай таусылмас күштің иесіне қарау күллі адамзаттың басты парызы, міндеті. Табиғат — тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар. Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланыты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді. Табиғатты қорғау-табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім. Күні кеше ғана Абай, Ешкіөлмес, Кирзавод ауылдарына су басуы елді есеңгіретті. Халықтың

де көмектерінде аянып қалмады. «Адал» еріктілер қоғамы, ЖК «Әуелбекова», «Lider.kz», «Жетісу жастары», «Ескелді жастары», «Имам Ағзам» мешіті, төтенше жағдайдың салдарын жою шараларына қолғабыс етті. Еріктілер ұйымдары алғашқы күннен-ақ көмек қорын ашып, ыстық тамақ пен жылы киім-кешектер мен қамтамасыз етті. Сол сияқты аулалардан су мен батпақ шығару, көше тазарту, қоқыс шығару жұмыстарын атқарған жеке құрам мен еңбек ұжымдарына ас әзірлеу істеріне де ат салысты. Көп түкірсе көл деген, көптің көмегімен біріндеп су басқан жерлер өз қалпына келтірілуде. Айкерім Есіркепқызы, ауыл тұрғыны- апат айтпы келмейді. Рас, шошып қалдық. Өзіміз үшін емес, кішкене балаларымыз үшін. Бала бауыр етің. Бұл жағдай қолдан жасалған, жоспарланған сынақ емес. Тілсіз жау. Нәсердің көп болуынан. Қайта Құдайға мың да бір шүкір адам қайтыс болып, қиралып қалған жеріміз жоқ ең бастысы. Халқым бізді жалғыздыққа тастап кеткен жоқ. Елім мен халқым көмектесуде. Мақсат- жаз бойы Құдайдан



заттарымен келе қалды. Міне, елімнің бірлігін көріп, тілеуін тілеп отырған жайым бар. Ауданымыздың жеке кәсіпкерлері де құр қалып қалған жоқ. Әркімнің шама шарқына қарай, міндеттері болмаса да ұйымшыл халқының бар екенін көрсете білді. Аллаға шүкір деймін. Елім болып біріккен халқыма зор денсаулық тілеймін. Сынақ ешқашан айтып келмейді. Осындай сынаққа, күннің салқындығына қарамай күні-түні біздің жанымыздан табыла білді халқым. Адам, мал шығыны болған жоқ. Бұған да тауба. Облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы

ын жүрегім ауырады. Талай жыл еңбектеніп салған үйім қызыл су лап беріп, дүние-мүлктің бәрін бүлдірген. Апат айтып келемейді. Ешкімге кінә артпаймын. Басқа салған сынақты көтере білу керек. Алла Тағала сүйген құлдарына сынақ беремін деген. Басқа салды көнеміз. Тауба, ең бастысы басымыз аман, бауырымыз бүтін. Халқыма мың алғыс. Халқым бізді қалт қалдырмады. Жағдайымызды жасап, тамағымызды берді. Аудан басшылықтары мен еріктілер тобы Шестаков мектебіне, ауылымызға тамақ пен аяқ киім, үстімізге киім, жылы көрпелерге дейін тасып берді. Көмек қолдарын созған барша халқыма шексіз алғысымды айтамын. Апат айтып келмейді. Халықтың мұңы ішінде. Сыртқа білдірткісі келмейді. Халқының қолдауларының арқасында тік тұр. Бұған да шүкір. Бәрінің айтары басымыз аман, деніміз сау. Расында да, бас амандығы мен денсаулықтың мықтылығына не жетсін. Бұдан да қиын-қыстау заманнан да өткен ел мұны да көтереді. Бастысы бірлігіміз мықты екенін тағы көрсеттік. Қазақ елі қонағын төріне шығарған мен ешқашан басына шығармаған. Бірін-бірі қиындыққа тастамаған. Жан-жағына дұрыс көзбен қарап, оң шешімін қабылдаған. Бірлігі жарасқан еліміздің ертеңі жақсы. Шалғайын шалқар маушыған Бұлп келді, көктем кір кетті. Топырлап ұрған тамшыдан, Топырақ иісі бұрқ етті. Шілде мен тамыз пышаны Шаң ғана болса, Қалдырма Терезелер құшағын Түгелдей ашшы жаңбырға-ендігі жауған нәсер тек жақсылыққа жаусын. Алланың нұрымен нұрланып, өсіп-өнейік. Халқыма ендігі сынақ болып тимесін. Адам баласы қашанда дайын болуы керек. Тілсіз апат ешқашан айтып келмейді. Ескертпейді...



сеکیلді болып қалды. Аудан, ауыл әкімдері жедел қалпына келтіру жұмыстарына штаб құрып, нәсер жауыннан болған төтенше жағдайдың салдарын жоюға бар күш пен техниканы жұмылдырды. Сонымен қатар ауылдардың арық жүйелерін тазарту мен аулаларды батпақтан тазарту жұмыстарына ҚР Ұлттық гвардияның 5514 әскери бөлімі, ҚР ҚМ 18386 әскери бөлімі

жауын сұрап едік, бірдем де үйіп төкті. Арты сел болды. Жақсы жағынан сұраған сияқты едік, сынаққып көрсетті. Қайта аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы бастаған топ дер кезінде көмек қолын созды. Жан-жақтан қолғабыс көрсетушілер жұмыла кетті. Алғысым шексіз. Бізге жасаған жақсылықтары мың еселеніп өздеріне қайтсін. Мұндай жағдайды дұшпанға да тілемейсіңғой, ешкімнің басына бермесін. Қаншама аудан тұрғындары, ауыл азаматтары, мектеп басшылары да жығылғанға демеу болып, көтерді.

да келіп кетті. Өзі жеке аралап көрді. Халқының қамын ойлап, қолдан келген көмегін аямайтындында жеткізді. Бізге бұдан әрі не керек. Лайланып кеткен ауламызды барлық қызметкерлер, ауыл тұрғындары жан-жақтан келіп көмектесуде. Рақметімді айта-

АРАЙ ӘДІЛ



Жайна Кұнайқызы- біз осы су тасқынына ерте көктемде дайындалып, тақымымызды қысып отырушы едік, биыл ыстық мезгіл жазда келді бұл сынақ. Жауын жаудың көп болуынан ғой. Басқа салғанға көнесің, ешқайда қашып құтыла алмайсың. Қайта Ауданымыздың басшысына, ауыл әкімдеріне, волонтер Дарина қызымызға шексіз алғыс. Ыстық тамақ пен жылы киімдермен бізді қамтамасыз етіп отырды. Жататын жеріміз бен үш-төрт уақыт тамақтандырып, әрбірімізге жылы қабақтарын танытып, күн түн демеу қол ұштарын созды. Жылағанымыздың көз жасымызды сүртіп, бізге демеу болды. Халқымның ұйымшылдығы мен береке бірлігі мықты екен. Жан-жақтан шамалары келгенше ақшалары мен басқа да қажетті



Су тасқыны - бұл құрғақ беткейде пайда болатын және материалдық және / немесе адамға зиян келтіруі мүмкін

СУ ТАСҚЫНЫ ДЕТЕНІМІЗ НЕ?



судың ішінара немесе толық кәсіптері.

Су тасқыны - бұл жаңбыр, дауыл немесе еріген қар сияқты табиғи құбылыстар тудыратын оқиғалар; немесе адамның іс-әрекетімен өндірілген.

Су тасқыны түрлері
Әр түрлі ресми апаттардың алдын алу агенттіктерінің мәліметтері бойынша тасқын судың әртүрлі жіктелімдері бар. Бұл барлық санаттардың жиынтығы:

Тасқын су тасқыны (су тасқыны)

Бұл өте қысқа мерзімде су жиналып, жерді қанықтыратын оқиғалар. Әдетте, бұл кенеттен пайда болған, бірақ қатты әсер ететін жауын-шашыннан туындаған су тасқыны. Яғни кенеттен пайда болатын және ұзақ уақытқа созылатын жаңбырлар.

Тасқын су тасқыны ең қауіпті санаттардың бірі болып саналады, өйткені табиғаты бойынша олар зардап шеккен тұрғындар үшін алдын алу және көшіру міндеттерін қиындатады.

Сипаттамаларының бірі су тасқыны олар әдетте тік беткейлері бар құрлықта жасалады. Бұл судың тез түсуін және жердің су басуын жеңілдетеді, мұның өзі құрылымдық және адамның зақымдануын білдіреді.

Баяу су тасқыны
Олар қарқынды немесе қалыпты болуы мүмкін тұрақты жаңбырлардан пайда болады, бұл жердің прогрессивті қанықтылығын тудырады. Мұндай жағдайларда жауын-шашын кем дегенде екі-төрт күнге созылуы мүмкін.

Бұл қатты жаңбырдың, толқынның, цунамидің, дауылдың немесе тайфунның әсерінен немесе теңізге көтеріліп, материкке енетін оқиғалар. Бұл тұрғыда жағалаудағы су тасқыны үш жолдың бірінде болуы мүмкін:

-Тікелей: табиғи немесе жасанды кедергілер болмаған кезде су жерді тікелей бұзады.

-Шлагбаум үзілісі: қатты толқындардың нәтижесінде су табиғи немесе жасанды тосқауылды бұзады.

-Кедергі артық: ісінудің немесе толқынның мөлшері табиғи немесе жасанды бөгеттен асып, жерді су басады.

Қалалық су тасқыны
Қалдықтардың жиналуы қалалық жерлерде су тасқынының себептерінің бірі болып табылады.

Олар урбанизацияланған қалалар мен қауымдастықтарға әсер ететін су тасқынының түрі. Олар табиғи шығу тегі (жауын-шашын немесе өзендердің тасуы) немесе жасанды (гидротехникалық жұмыстардағы ақаулар, бөгеттердің бұзылуы және т.б.) болуы мүмкін.

Популяция тығыздығы, топырақ эрозиясы және қоқыстың көбеюі - қалалық су басуды тудыратын факторлардың бірі.

Сізді қызықтыруы мүмкін: Табиғи апаттар.

Су тасқынының себептері

Су тасқынының бірнеше себебі болуы мүмкін. Бұл су тасқыны болуы мүмкін оқиғалар немесе әрекеттер:

Табиғи себептер
Олар адамның араласуынсыз болатын табиғи оқиғаларға байланысты, мысалы:

-Жаңбыр: олар жердегі судың қанықтылығын тудырады, олар тез ағып кетпейтіндіктен, су тасқынын тудырады.

-Еріту: мұздың конденсациясы судың өзендерге жетуіне және арнасының ұлғаюына әкеліп соқтырады.

-Дауыл, дауыл, тайфун немесе цунами: олар табиғи немесе жасанды кедергілерді құлата алатын, үлкен жылдамдықпен судың құрлыққа түсуін жеңілдететін және оның жолындағының бәрін басып қалатын үлкен көлемдегі толқындарды тудырады.

Табиғи емес себептер
Олар су айдындарына немесе жер сапасының төмендеуіне тікелей әсер ететін адамның іс-әрекетіне байланысты факторлар. Осы жұмыстардың кейбіреулері:

-Гидравликалық ақаулар: өте қысқа мерзімде судың көп мөлшерін босататын, жерді немесе жақын маңдағы су айдындарын қанықтырып, су басуды тудыратын бөгеттердің немесе бөгеттердің жарылуы.

-Судың ластануы: Қатты қалдықтар мен сарқынды сулар су қоймаларының арналарына кедергі келтіруі мүмкін, бұл олардың биіктігін және одан әрі асып кетуін тудырады.

-Топырақ эрозиясы: қалалық жұмыстар, артық өңдеу немесе ластану жердің сапасын төмендетеді, оның өткізгіштігін жоғарылатады, бұл оны тез қанықтыруға бейім етеді.

Су тасқынының салдары

Су тасқыны көптеген деңгейлерге әсер етеді және ақыр соңында қоршаған ортаға ғана емес, сонымен

Сондай-ақ, билік адамдардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін оқу, жұмыс немесе сауықтыру шараларын тоқтата тұруға бұйрық беруі мүмкін.

Денсаулықтың салдары
Су тасқыны денге, инфекциялық, дерматологиялық аурулар, ас қорыту жүйесінің бұзылуы және т.б. сияқты аурулар ошақтарын тудыруы мүмкін.

Ең қолайсыз аудандарда мұндай жағдайлар жергілікті медициналық жүйелердің күтім қабілетін жоғалту арқылы онсыз да қауіпті жағдайларды насарлатады.

Латын Америкасындағы су тасқыны мысалдары

Латын Америкасында су тасқыны қаншалықты жететінін көрсететін бірнеше мысал келтірілген, әсіресе алдын-алу немесе алдын-алу шаралары жасалмаған жағдайда.

Бұл соңғы тарихтағы ең маңызды оқиғалардың кейбіреулері:

Варгас трагедиясы, 1999 (Венесуэла)

Желтоқсан айында бүкіл елде болған қарқынды және ұзаққа созылған жаңбыр Варгас штатында бұрын-соңды болмаған көшкін тудырды. Бұл



қатар жергілікті және ұлттық экономикаға әсер етеді.

Экологиялық зардаптар
Су тасқыны зардап шеккен топографияда шамалы, орташа немесе ауыр түрлендірулер тудыруы мүмкін. Жер бедерінің бұл өзгерістері табиғи динамиканың бөлігі болуы мүмкін (мысалы, муссон жаңбырлары) немесе адам әрекеті және жергілікті экожүйелерге әсер етуі мүмкін.

Егер егінді су тасқыны шайып кетсе, оның экожүйесі де өзгереді. Тозаңдандырығыштар (мысалы, аралар) және өздерін тамақтандыру үшін дақылдардан пайда көрген жануарлар басқа аймақтарға ауысып, сол жаңа жерді теріс өзгерте алады.

Экономикалық зардаптар
Су тасқыны үйлерге, коммерциялық үй-жайларға және дақылдарға әсер етіп, құрылымдық тұрғыдан айтарлықтай зақым келтіруі мүмкін. Мұның бәрі жергілікті экономикаға кері әсерін тигізеді, бұл өз кезегінде зардап шеккен адамдардың тұрмыстық жағдайларын нашарлатады.

2017 жылы муссон жаңбырлары Үндістанның Дарджилинг қаласындағы шай дақылдарын су астында қалдырды. Егіннің жоғалуы Үндістан экономикасына әсер етіп, бүкіл әлемдегі үнді шайының құнын жоғарылатып, соңғы тұтынушыларға зиян тигізді.

Әлеуметтік салдары
Ең ауыр жағдайларда су тасқыны адам шығынына немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, іс-шараның бұл түрі тұрғын үйді жоғалту немесе жұмыс кезі ретінде шешудің тәсілі ретінде халықтың мәжбүрлі қоныс аударуын тудыруы мүмкін.

жағдай қалпына келтірілмейтін құрылымдық зақымданумен қатар 300 мыңнан астам құрбандықты, мыңдаған өлімді, жараланған және хабар-ошарсыз кеткен балансты қалдырды.

Санта-Фе тасқыны, 2003 (Аргентина)

Мамыр айының соңында Санта-Фе қаласы мен жақын маңдағы қалаларда болған тұрақты және қатты жаңбыр Саладо өзенінің тасқын суын тудырды. Су қорғаныс қорғанысынан өтіп үлгерді (аяқталмаған) және қалаға кіріп, адами және материалдық шығындар әкелді.

Табаско тасқыны, 2007 (Мексика)
Толассыз жауған жауын-шашын Усумацинта мен Гривальва өзендерінің көтерілуін тездетіп, Табаско штатының 80% су астында қалды.

Бөгеттер мен кедергілерден асқан сулар өзімен бірге ауыз судың, электр энергиясы мен денсаулық сақтау қызметтерінің күйреуіне, сондай-ақ адам шығыны мен құрбандарына алып келді.

Мариана трагедиясы, 2015 жыл (Бразилия)

Қараша айында Минас-Жерайс штатындағы Мариана қаласында улы қалдықтарды сақтау үшін салынған бөгеттен су ағып кетті. Бірнеше сағаттан кейін бөгет жол беріп, бүкіл мемлекетке ауыз су жеткізетін Доце өзеніне жеткен ластанған шламды шығарып жіберді.

Бұл жағдай өзеннің тасуы мен жақын маңдағы қалалардың су басуына ғана емес себеп болды. Бұл сонымен қатар ауыз су жүйесіне орны толмас зиян келтірді, өйткені ол қазір тұтынуға жарамсыз.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МӘМС ҮШІН ТӨЛЕУ КЕРЕК ПЕ



Сақтандырылған мәртебесін алу үшін азаматтар өткен 12 айға немесе алдағы 12 айға жарна төлеуі тиіс. Сондай-ақ, жеңілдік санаттарына кіретін адамдарға мемлекет жарна төлейді. Ал әскери қызметшілер МӘМС төлемдерінен босатылған. Бұл ретте олар МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін қалай алады?

Әскери қызметшілер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында медициналық көмек алады. Осы екі пакет шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына қаражатты Әлеуметтік медициналық сақтарындыру қоры төлейді.

ҚР «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңына сәйкес әскери қызметшілер МӘМС жарналары мен аударымдарынан босатылды, яғни жұмыс берушілер олардың жалақысынан ұстап қалуды жүргізбейді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС жүйесінде әскери қызметшілердің мәліметтерін «Адамдарды арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесіне ЖСН көрсете отырып енгізілген әскери қызметшілер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері есебінен алады. Олар бойынша деректерді әскери бөлімдердің, әскери басқару органдарының қызметкерлері енгізеді. Қор жүйесінде әскери қызметшінің ЖСН-ы шыққан соң ол автоматты түрде сақтандырылған мәртебесін алады және жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылады.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 50 және 52-баптарына сәйкес, әскери-медициналық мекемелер әскери қызметтен босатылған адамдарға және әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін болады. Ол үшін қажетті нормативтік құқықтық база құрылды.

Әскери-медициналық мекемелер ТМҚКК тізбесі және МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек аясында тек әскери қызмет атқарып жүрген қызметкерлер ғана емес, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде ауруға шалдыққан, сонымен қатар, 20 және одан да көп жыл еңбек еткен адамдарға, әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне, азаматтық персоналға, медициналық қызметтердің өзге де тұтынушыларына медициналық көмек көрсетеді.

Әскери қызметшілерге азаматтық денсаулық сақтау желісінде медициналық көмек көрсету елдің барлық халқы сияқты, тіркелген жері бойынша емханада да жүзеге асырылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің отбасы мүшелері, сондай-ақ әскери

қызметтен босатылған адамдар тіркелген денсаулық сақтау ұйымдарында амбулаториялық-емханалық көмек алады. Сондай-ақ, әскери-медициналық мекемелер мен тіркелген емханасы арасында бірлесіп орындау шарты болса, учаскелік дәрігер консультациялық-диагностикалық көмек алуға жолдама береді.

Айта кетерлігі, осы санаттағы адамдарды әскери-медициналық мекемелерге жоспарлы стационарлық емдеуге жатқызу тіркелген медициналық мекемеде «Емдеуге жатқызу бюросы» порталы арқылы жүзеге асырылады. Шұғыл жағдайларда әрі қатты ауырсыну кезінде емдеуге жатқызу жедел медициналық жәрдем немесе өз бетінше жүгінуге бойынша жүргізіледі.

Әскерде борышын өтеп жүрген сарбаздар МӘМС жарналарын төлеу керек пе?

ҚР Қарулы күштерінде мерзімді әскери борышын өтеп жүрген сарбаздар да осы кезеңге жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылған. Яғни, жұмыс істеп жүріп, әскерге кеткен азаматтар жарналар мен аударымдарды төлемеуі және олар үшін қарыз жиналмауы керек.

Сарбаздар туралы деректерді қорғаныс органдары жібереді. Егер қандай да бір себептермен мәліметтер уақытылы жіберілмей қалса, берешек пайда болады. Бұл жағдайда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басшысының атына берешекті жою туралы өтініш жазып, әскери билеттің сканерленген нұсқасын тіркеп kapc@fms.kz электрондық мекен-жайына жіберу керек.


Егер әскерде борышын өтеп жүрген азамат үшін жарна төленсе, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы қате төленген жарналарды қайтаруға өтініш бере алады.

Ауруханаға барар алдында сақтандыру мәртебенің өзін тексеру аласыз:

- 1-әдіс: Telegram-да @SaqtandyruBot арқылы
 - 2-әдіс: fms.kz сайты арқылы
 - 3-әдіс: kaspi.kz қосымшасындағы «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі арқылы
 - 4-әдіс: egov.kz сайтында «Денсаулық сақтау» бөлімінде «медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу туралы және аударымдардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі арқылы.
- Егер Жетісу облысының аумағында медициналық көмек алу бойынша қосымша сұрақтар мен мәселелер туындаса төмендегі байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ЖЕҢІЛДТЕГЕДІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЖЕКЕ PUSH ХАБАРЛАМАЛАРЫН АЛАДЫ



Egov mobile мобильді қосымшасы қазақстандықтарға әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты жеке push хабарламаларын жібереді. Жаңартулар қазақстандықтарға алдағы маңызды күндер туралы еске салуға мүмкіндік береді: зейнетке шығу, ЖОО-ға түсу және бітіру, баланы мектепке қабылдау, Е-лицензиялау порталының өтінімдерін мақұлдау және компания басшысының ауысуы туралы хабарламалар.

«Біз азаматтарға қызмет көрсету жұмыстарын белсенді түрде жалғастырып жатырмыз, біз әртүрлі өмірлік жағдайларға арналған тағы жеті push хабарламаны іске қостық. Бұл мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ адамдарды маңызды күндер туралы алдын ала хабардар етуге және «көрінбейтін» қызметтер көрсетуге көмектеседі. Осылайша, біз қазақстандықтарды

алдағы күндер туралы алдын ала біліп, ескертеміз. Уақыт өте келе мұндай қызметтердің саны артады, бұлай біз көптеген мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдетеміз аламыз», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Жіберілген push хабарландыруларын мобильді қолданбаның «Хабарландырулар» бөлімінде көруге болады. Мобильді қосымша орнатылмаған жағдайда порталдың жеке кабинетінде egov.kz ұялы нөмір көрсетілген болса, пайдаланушыға қосымшаны жүктеуге сілтеме жасай отырып, 1414-тен жаңа хабарламаның келіп тұскені туралы ақпараты бар SMS жіберіледі.

Айта кетейік, бұл жаңартулар Мемлекет басшысының Invisible Government тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылды. Яғни, мемлекет қазақстандықтарға қажетті мемлекеттік қызметтерді ұсынады және оларды өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде сүйемелдейтін болады.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ



Енді қазақстандықтар eGov.kz «Электрондық үкімет» порталында өздері туу туралы куәлікке, аты-жөнін өзгертуге, неке қию және ажырасу, бала асырап алу және қайтыс болу туралы актілік жазбаларға өзгерістер енгізе алады. Жаңа қызмет жеткілікті негіздер болған жағдайда және мүдделі тұлғалар арасында дау болмаған кезде құжаттарға жоспарлы өзгерістер енгізуді (қате енгізілмеген өзгерістер) көздейді. Мысалы, атын, тегін, және әкесінің атын өзгерту.

«Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» жаңа қызметінің көмегімен актілік жазбаларға өзгерістер енгізу және құжаттарды қайта шығару үшін негіздемелерді көрсетіп, растайтын құжаттарды қосып өтінім беруге болады. Қандай жағдайларда құжаттарға өзгерістер енгізуге болады: -тегін және атын, әкесінің атын өзгерткенде; -әке болу туралы сот шешімінің күші жойылғанда; -некеде тұрмаған аның туу туралы актілерді тіркеу кітабына баланың әкесі туралы мәліметтер енгізу жөніндегі өтініштің; -егер азаматтық хал актісін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жекелеген сөздерді астаптап кету) жіберілген болса; -азаматтық хал актілері жазбаларындағы қателер сот тәртібімен анықталғанда; -некені бұзуға немесе некенің

жарамсыз деп тануға байланысты ерінің (зайыбының) тегі өзгертілгенде; -ұл (қыз) асырап алудың күшін жою немесе оның күші жоқ деп тану, сондай-ақ некенің күші жоқ деп тану туралы сот шешіміне байланысты; -ұлты өзгерген жағдайда; -ата-ананың арасындағы некенің тоқтатылуына немесе некенің жарамсыз танылуына байланысты кемелетке толмаған баланың тегін өзгерткенде және т.б. (Толық тізіммен Ережеде танысуға болады)

«Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» жаңа қызметінің көмегімен актілік жазбаларға өзгерістер енгізу және құжаттарды қайта шығару үшін негіздемелерді көрсетіп, растайтын құжаттарды қосып өтінім беруге болады. Қандай жағдайларда құжаттарға өзгерістер енгізуге болады: -тегін және атын, әкесінің атын өзгерткенде; -әке болу туралы сот шешімінің күші жойылғанда; -некеде тұрмаған аның туу туралы актілерді тіркеу кітабына баланың әкесі туралы мәліметтер енгізу жөніндегі өтініштің; -егер азаматтық хал актісін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жекелеген сөздерді астаптап кету) жіберілген болса; -азаматтық хал актілері жазбаларындағы қателер сот тәртібімен анықталғанда; -некені бұзуға немесе некенің

жарамсыз деп тануға байланысты ерінің (зайыбының) тегі өзгертілгенде; -ұл (қыз) асырап алудың күшін жою немесе оның күші жоқ деп тану, сондай-ақ некенің күші жоқ деп тану туралы сот шешіміне байланысты; -ұлты өзгерген жағдайда; -ата-ананың арасындағы некенің тоқтатылуына немесе некенің жарамсыз танылуына байланысты кемелетке толмаған баланың тегін өзгерткенде және т.б. (Толық тізіммен Ережеде танысуға болады)

Қызмет нәтижесі eGov.kz порталында актілік жазбаларға өз бетінше өзгеріс енгізуге болатынын біле бермейді. Мұнда Сіз туу туралы, неке қию туралы және некені бұзу туралы куәліктер секілді құжаттарға енгізілген өзгерістерді қоса алып, оларды қайта шығаруға өтініш бересіз. Мәселен, егер бұрын адамның тегін өзгерту үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына бару керек болса, қазір оны электронды түрде жасауға болады және ол үшін кезекте тұрудың қажеті жоқ», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. Аталмыш қызмет Электрондық үкімет порталының «Азаматтарға» - «Отбасы» бөлімінен табуға болады. Азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуге өтініш беру үшін: -eGov.kz порталында авторизациядан өтініз; -қызметтің түрін таңдаңыз; -куәлік беретін ХҚКО филиалын таңдау; -отбасы жағдайы мен табыс көзін көрсетіңіз; -актілік жазбаның нөмірі мен тіркелген күнін көрсету, оғн өзгерістер енгізу қажет; -акт жазбасы үшін қандай өзгерістер, түзетулер, толықтырулар қажеттігін көрсету керек; -өзгерістер енгізу үшін растайтын құжатты тіркеу қажет; -төлем жасау керек; -өтінішке қол қою қажет. Қызмет нәтижесі eGov.kz порталының мәртебе парағында және жеке кабинетінде Хабарлама түрінде пайда болады. Дайын құжатты өтінімде көрсетілген Халыққа қызмет көрсету орталығынан алу қажет. Айта кетейік, бұл жаңартулар ҚР Президенті бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлығы аясында жүзеге асырылды, оның негізгі мәні цифрлық трансформация және мемлекеттік басқарудың барлық салаларының жүйелі реинжиниринг болып табылады. Аталмыш қызмет ҚР Әділет министрлігінің, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелерінің интеграциясы арқасында қолжетімді болды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА



Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жөніндегі негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
 - Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
 - Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
 - Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
 - «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
 - Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
 - Жылжымайтын мүлік көпірін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
 - Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
 - Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).
- Жоғарыда көрсетілетін қызметтер

қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);
- 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстар қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (<https://kgd.gov.kz/ru/app/cultaxarrear-search-web>);
- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан rdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жеке-леген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігіне тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде

азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамасы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Дарын ҚАНАТҰЛЫ
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің құлмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әл-ауқатына, балаларымыздың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндіреді. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне де зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізіп отыр. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. Осыған

орай түрлі іс-шаралар дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып жүзеге асып, оң нәтежелі болып та жатқан жақтарыда жетерлік. Сол себепті кім де кім болса да бұл құбылысқа бей-жай қарамауы тиіс. Елдің болашағына, келешек ұрпаққа кесірін тигізбесін десек қазірден бастап бұл зұлымдықпен бірлесу күрескеніміз жөн деп санаймын.

**Унат Алия,
«Сырымбет ауылдық округі» өкімінің аппараты» ММ-нің жастар практикасына қатысушысы**

О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ

Действующее трудовое законодательство предусматривает определенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления.

Соискатели, при оформлении на работу в организации квазигосударственного сектора обязаны, представлять справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.

Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности.

Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг.

Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.

Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней.

Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.

Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации

**С. МЕРЕЙХАН,
Старший прокурор по надзору за законностью в сфере правовой статистики и специальных учетов по Аксускому и Каратальскому районам**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талаптарын сақтау әрбіріміздің борышымыз. Бүгінгі күні мемлекет пен қоғам болып жемқорлықпен күресіп келеміз. Әр адам өз санасында жемқорлыққа қарсы күресті нығайтса, жемқорлықпен өзінен бастап жұмыс істесе, қоғамда бұндай дерт орын алмайтын еді. Сонымен қатар жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарламалар негізінде де жүзеге асырылуда. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемелер барынша күш салып жұмыстар жүргізіп келді. Мемлекеттік мекемелердің абыройына нұқсан келмес үшін, қызметкерлер қатаң Заң талаптарын сақтап жұмыстарын жүргізіп келеді. Сыбайлас жемқорлық дертін түбегейлі құртып, болашағымызды жемқорларсыз жалғастыру үшін қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен тамыр жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӨКІМДІГІ

